

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2023 жылғы 25 желтоқсан

Астана қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 104

город Астана

**«7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру»
ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы
31 мамырдағы № 107 қаулысына өзгерістер енгізу туралы және
«7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру»
ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын 2024 жылы
қаржыландыру көлемін айқындау туралы**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы үшінші бөлігінің 24) тармақшасына және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағының төртінші бөлігіне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама):

«II. Бағдарламаны іске асыру кезеңдері» бөлімі бірінші бөлігінің 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) ипотекалық қарыздар бойынша талап ету құқықтарын сатып алу үшін қаржыландыруды тарту және (немесе) өзге көздерді пайдалану;»;

«V. Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алу үшін қаржыландыруды тарту» бөлімінің бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктерден ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын иеленуді қаржыландыру үшін Оператор борыштық бағалы қағаздарды шығаруды және қор нарығында инвесторлардың шектеусіз тобы арасында орналастыруды жүзеге асырады және (немесе) қаржыландырудың өзге де көздерін пайдаланады;»;

«IX. Ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сенімгерлік басқару талаптары» бөлімінің төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Оператор 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша банктерге талап ету құқықтарын сенімгерлік басқаруға берген кезде банктер сыйақысының шекті мөлшері 3%-ды (үш пайызды), 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап – осы ипотекалық тұрғын үй қарыздарының деректері бойынша негізгі борыш қалдығының 2,5%-ын (екі бүтін оннан бес пайызын) құрайды.».

2. «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2024 жылы берілетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын екінші деңгейдегі банктерден сатып алуы үшін 100 000 000 000 (бір жүз миллиард) теңгеге дейін (қоса алғанда), бұл ретте тоқсанына 25 000 000 000 (жиырма бес миллиард) теңгеден аспайтын сомада қаржыландыру көлемі айқындалсын.

3. Қоғам (Е.С. Оспанов) Бағдарламаның талаптарына сәйкес екінші деңгейдегі банктерден осы қаулының 2-тармағында көзделген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша талап ету құқықтарын сатып алуды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы ұйымдарын дамыту департаменті (Б.М. Иралаимов) осы қаулыны Қоғамға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

5. Осы қаулы¹ қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Алматы қаласындағы тұрақты өкілдігінің басшысы В.А. Тутушкинге жүктелсін.

Төраға

Т.М. Сүлейменов

¹ «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 107 қаулысына өзгерістер енгізу туралы және «7-20-25. Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» ипотекалық тұрғын үй кредиттеу бағдарламасын 2024 жылы қаржыландыру көлемін айқындау туралы